





Кафедрасы : Ортопедиялық стоматология

Кафедра меңгерушісі: м.ғ.д. профессор Рузуддинов С.Р

*Металды керамикалық протездермен
ортопедиялық емдеген кезде
кездесетін дәрігерлік және
технологиялық қателіктер.*

Орындаған: Нурсейтова А.У.

Тексерген: асс Есиркепов А.А

Факультет: Тіс емдеу

Топ: 401 – 01

Алматы 2011ж.

Жоспары:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - *Клиникалық қателіктер*
 - *Лабораториялық қателіктер*
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Металлокерамикалық протездерді жасауда стоматолог дәрігер тарапынан және тіс технигінің протезді жасаудың дұрыс технологиясын сақтамауының нәтижесінде көптеген қателіктер болады. Осы қателіктердің нәтижесінде науқастың дұрыс емес жасалған протезді қолдануында ауыз қуысында көптеген асқынулар мен дискомфортты жағдай -ларды туғызуы мүмкін. Сол себепті біз салынатын протезді керекті ережелерді сақтай отырып іс әрекетті жүзеге асыруымыз қажет.

Металлокерамика— қазіргі таңда алынбайтын протездер ішіндетандаулы орын алуда. Протездің дайындалуына байланысты локерамика жақсы мамандарды талап етеді. Себебі металлокерамиканы қолданғаннан кейінгі асқынулар жоғарғы көрсеткіштерге жетуде, әдебиеттер бойынша оның көрсеткіштері 2,5 — 11 % құрап отыр.



Негізгі бөлім

- *Көптеген клиникалық бақылаудан кейін металлокерамика жасаудан және отырғызғаннан кейінгі қателіктерді 3 топқа жіктеп қарауға болады:*
 1. Ортопедиялық емнің дұрыс жоспарланбауы;
 2. Дәрігер қателігі, металлокерамиканы отырғызу және отырғызыннан кейінгі қателіктер;
 3. Лабораториялық қателіктер металлокерамиканы жасау кезеңдерінде.

Ортопедиялық стоматологияда науқасқа көпіртәрізді металокерамикалық протез жасау кезінде өте жиі кездесетін дәрігерлік қателікке Тірек тістерді егеу ережесін сақтамау нәтижесінде болатын асқынулар Тірек тістердің қатты тіндерін керектен тыс, терең егеу ұлпаның термиялық күйігіне, жарақаттық пульпитке, тіптен ұлпа некрозының дамуына себепші болуы мүмкін. Сондықтан тістерді металокерамикалық көпіртәрізді протездерге арнап егегенде конвергенция бұрышы $5-8^\circ$ - тан аспау қажет, ал ол тірек тістердің саны мен биіктігіне байланысты.

Табиғи тірек тістің сауыты үлкен болған сайын, бұрышы да үлкен болуы тиіс. Тістің сауыт бөлігін егеп штифты төсеммен ұрт аймағында металокерамикалық сауыт түрінде жабынды конструкциялағанда қызылиектен 0,5мм алшақта 1мм тереңдікте кертпе қалыптастырған жөн. Бұл әдіс дайын штифты төсемді қатайтқаннан кейін, төсемнің өзіне тиіспей кертпені қызылиек қырына дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Осы ережелерді дәрігер стоматолог сақтаса нәтижесінде металокерамикалық протездің тіске толық отыруы мен сапалы шығуына алып келеді.

- Қателіктердің ішінде асқынуға ең жиі себеп болып протездің көрсетілгеннен кең болып дайындалуы.
- Протезге арнап тісті егеу барысында режимдерді қатал сақтау қажет және қатты тіндердің қауіпсіз аймақтарын білу қажет.
- Ұлпаны жансыздандыру рентген түсірілімдерінен кейін және диагностикалық бақылаудан кейін жасалады.
- Тістің мойын бөлігіне кертпе жасалмауы да үлкен қателіктерге жатады.
- Тіректі тістерге конус пішінінің үлкен болып егелуі.



- Қатеілктер мен асқынулар қалып алудан кеткен қателіктерден де болуы мүмкін:
- Сапасы төмен материалдармен қос қабатты қалып алған да;
- Перфорациясы бар тіс сауытын қолдануға болмайды;
- Протезді ауыз қуысына отырғызу барысы да ең маңызды процесс болады. Окклюзиясын тексеру қажет, сагиттальды және трансверзальды.





Металлокерамикалық протездермен емдеген кезде болуы мүмкін дәрігерлік қателіктер :

- Науқастың ауыз қуысынан қалыпты дұрыс емес алу
- Тісті егейтін арнайы борларды ретімен қолданбау
- Сауыт кигізетін тіректік тістердің дұрыс емес егелуі
- Тісті егеу кезінде ұлпаның термиялық күйігі
- Тісті егеу кезінде конвергенция бұрышын $5 - 8^\circ$ -тан артық егеу
- Қабынған тістерді егеп протездеу
- МКП - ді цементке дұрыс емес отырғызу
- Клиникалық этаптарды ретімен орындамау

МКП жасау ерекшелігі тіректі тісті егеу түрі болып табылады , тістің қатты тіндерін үлкен көлемді егеу, метал қалыңдығы үшін 0,4 - мм ге жақын және жабу беттері 1,2-1,5 мм болу керек. Тісті егегенде көптеген қиындықтар ұлпасы сақталған тістерде болады. Бірінші кезекте қатты тіндерді егегенде оның травмалық қасиетін айтуға болады және егеу кезінде жалпы организмнің ауыр реакциясына профилактика жүргізу қажет. Профилактикалық алдын алуда ең қолайлысы ол жансыздандыру.

Металлокерамикалық протезді тағайындауда қателіктер кез – келген этапта болуы мүмкін.

Негізгі бірінші көзқарас бойынша бұл дәрігерлік этап емдеу жоспары негізінде ауруды мұқият тексеру және диагнозын нақты қою. Бұл этапта:

- МКП дұрыс емес тағайындау көрсеткіштері болуы мүмкін
- МКП құрылымын дұрыс емес таңдау
- Этаптағы емдеудің бұзылысы
- Алынбайтын тіс протездерді қолдануға қарсы көрсеткіштер
- Патологиялық периодонт тістерді егеу
- Тістердің сауыт бөлігінің қысқа болуы
- Тістердің күшті конвергенциясы т.б.

МКП – ді жасау кезіндегі технологиялық қателіктер.

- МКП – дің қаңқасын балауызбен дұрыс емес мүсіндеу
- Тістің аз мөлшерде егелгенінен металл қаңқаның жұқа құйылуы
- МКП - дің консольді тип
- Металл қаңқаның бетін дұрыс өңдемеу
- Металл қаңқаның бетінің жылтыр болуы
- МКП қаңқасының майысқақ болуы
- Аралық төсемді жағу кезінде қателіктердің кетуі
- Металл қаңқаның бетіне керамикалық массаның аз жағылуы

- Керамикалық массаны шамадан тыс күйдіру
- Керамикалық массаның керекті түсінен өзгеруі
- Керамикалық массаның былғануы
- МКП – дің бетінде сызаттардың болуы
- МКП – дің сынғыш болуы
- МКП – дің шайнау қысымына төтеп бере алмауы



Металл керамикалық протездерді шактап көру клиникада маңызды болып саналады. Тексеру барысында келесі жағдайларға назар аудару қажет.

- МКП-дің бүтіндігіне, сызаттардың жоқтығына көз жеткізу
- МКП тістің анатомиялық пішініне ұқсастығын
- МКП-дің егелген тістің кертігіне дұрыс отырғыштығына
- МКП тістің мойын бөлігіне толық және тығыз жанасуы қажет
- Жасанды протездің түсі табиғи тістен айырмашылығы болмауы қажет
- Антагонист тістермен бір нүктеде түйісуіп тұруы қажет
- Қарсы тістерімен толық түйісіп және қалған тістердің түйісуінде кедергі болмауына

Қорытынды.

Қорыта келе қазіргі уақытта МКП халық арасында үлкен сұранысқа ие, себебі ол эстетикалық жағынан өте ыңғайлы. Сондықтан да МКП –ді жасау кезінде клиникалық және технологиялық талаптарды, ережелер мен этаптардың толық реттілігін орындау арқылы біз нәтижелі емге және спалы МКП – ді жасауға қол жеткізе аламыз. Сонымен қатар науқастарымыздың комфортты жағдайда болуына себепші бола аламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

- В.Н.Трезубов,А.С.Щербаков,Л.М.Мишнев
Ортопедическая стоматология.Пропедевтика и основы
частного курса.Москва.МЕДпрес-информ 2008. -416с.
- [http://www. Google.ru](http://www.Google.ru)
- [http://www.stomatologia.by/images/stude
ntam/education/bsmu/ch-l-x/](http://www.stomatologia.by/images/studentam/education/bsmu/ch-l-x/)



**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!**

